

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі эмиссиялайтын мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастырудың ЕРЕЖЕЛЕРІ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен БЕКІТІЛГЕН 1997 жылғы 14 қараша N 396. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 25 ақпан N 473 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 13 мамырдағы N 171 ~V021896 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
эмиссиялаған мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы
орналастыру ережелері" жөнінде

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі эмиссиялаған мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі эмиссиялаған мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру ережелері" бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 1994 жылғы 9 наурыздағы N Ф-21-3\149 "Қазақстан Республикасы аумағында мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелер аукциондарын өткізу ережелері, олардың айналым және есеп тәртібі", сондай-ақ оларға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1994 жылғы 27 шілдедегі N 167, 1995 жылғы 13 маусымдағы N 40 және 1997 жылғы 7 сәуірдегі N 98 Қаулыларына сәйкес бекітілген N 1, N 2 және N 3 өзгертулер мен толықтырулар күшін жойды деп танылсын.

3. Заң департаменті (А.К.Өртембаев) ішкі операциялар басқармасымен (А.В.Карягин) бірлесе отырып, "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі эмиссиялаған мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру ережелерін" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

4. Ішкі операциялар басқармасы (А.В.Карягин) осы Қаулыны және "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі эмиссиялаған мемлекеттік

бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру ережелерін" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап бір апта ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына (филиалдарына) жіберіп, осы Қаулыны және жоғарыда аталған Ережені алған күннен бастап бір апта ішінде бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына жіберуін міндеттесін.

5. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары С.А.Ақановқа жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Осы Ережелер республикалық бюджет тапшылығын инфляцияландырмай қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі эмиссиялайтын мемлекеттік бағалы қағаздарды ішкі рынокқа алғашқы орналастырудың тәртібін реттейді.

I-бөлім. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Эмитент) республикалық бюджет тапшылығын инфляцияландырмай қаржыландыру шеңберінде эмиссиялайтын мемлекеттік бағалы қағаздар Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға және шығарылым шарттарына сәйкес айналымға шығарылады.

2. Мемлекеттік бағалы қағаздардың институциональдық құрылымын Эмитент белгілейді. Бағалы қағаздар рыногының өкілетті кәсіпқой қатысушыларының (бұдан әрі - Алғашқы Дилерлер) мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы рыногында операцияларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттері мен құқықтарын рынок тиімді қызмет атқару үшін және қаржылық рынокта қарыздардың берік базасын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы қолданып жүрген заңдар реттейді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) мен Эмитенттің арасындағы қатынастарды мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру кезінде құқықтық жағынан реттеу мақсатында соңғылары Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын алғашқы орналастыру туралы Келісім жасайды.

4. Мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыруға мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы рыногында операцияларға қызмет көрсету жөніндегі функцияларды орындау туралы Эмитентпен жасасқан шарттар

негізінде Алғашқы Дилерлер ғана қатысуға құқылы.

5. Мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыруға байланысты барлық ақпарат (тапсырыстар, жазбаша хабарландырулар, хабарламалар) мәліметтерді берудің Ұлттық Банк белгілеген электронды жүйесі арқылы беріледі.

6. Мәліметтерді берудің электронды жүйесі бойынша берілетін барлық хабарлар бағдарламалық-криптографиялық қорғау жүйесінің көмегімен шифрланады.

7. Мәліметтерді берудің электрондық жүйесі арқылы хабар беру техникалық жағынан мүмкін болмаған жағдайда осы хабарларды түпнұсқада қағаз күйінде осы Ережеге тіркелген, нөмірі 1, 2, 3 Қосымшаларда көрсетілген тиісті үлгілер бойынша беру рұқсат етіледі.

8. Инвесторлар бағалы қағаз алуға тапсырысты Дилерлер белгілеген соңғы құжат айналымына сәйкес және инвестор мен оған қызмет көрсететін өзінің Бірінші Дилерінің арасындағы шартта алдын ала келісілген тәртіппен тек Алғашқы Дилерлер арқылы ресімдейді.

9. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар:

Орташа алынған дисконт немесе жылдық проценттік ставка - (мүддеге) сыйақы төлеудің орташа ставкасы, бұл мемлекеттік бағалы қағаздар аукционында Эмитент аукциондағы баға шарттарын белгілегеннен кейін айқындалады, (номинальдық баға бойынша) қанағаттандырылған тапсырыстардың жалпы көлеміне қарай алынады.

Дисконт немесе кесімді бағаның проценттік шарты-(мүддеге) сыйақы төлеудің ең аз ставкасы, аукционға түскен тапсырыстарды қанағаттандыру сонымен аяқталады.

Мемлекеттік бағалы қағаздарды шығарудың шарттары - мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру үшін Ұлттық Банкке Эмитенттің хабарлайтын мәліметтері: қаржылық рыноктағы қарыздардың жарияланған көлемі, эмиссияның сәйкестендірілген нөмірі, тиісті эмиссияның бағалы қағаздарының шығарылған күні, айналым мерзімі, купондарды алғашқы орналастырудың әдісі, өтелетін күні, төленетін күндері, мемлекеттік бағалы қағаздар үшін ақша аударылатын күн, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды аукционға (жаздырып алушыларға, үстемелеп орналастырушыларға) қатысушылардың сатып алуына қойылатын белгіленген шектеулер.

Аукционның бағалық шарттары - алғашқы орналастырудың Эмитент белгілеген іс жүзіндегі көлемі және (мүддеге) сыйақы төлеудің ең аз және орташа ставкасы.

II-бөлім. Мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастырудың әдістері

10. Мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыруды Ұлттық Банк Эмитенттің атынан және соның тапсырмасы бойынша мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру туралы өзара келісімге сәйкес жүзеге асырады.

11. Мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру әдісі, шығарылған күні, орналастыру көлемі, бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі шектеулер және басқа қосымша шарттар Эмитенттің ұйғарымы бойынша мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару шарттарында айқындалады, Ұлттық Банк дербес белгілейтін резидент емес-инвесторлардың қатысу үлесі бұған жатпайды.

12. Мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру төмендегі әдістер бойынша жүзеге асырылады:

а) бағаның көптігін қанағаттандыратын аукциондық әдіс-әдетте дисконттық мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру кезінде пайдаланылатын әдіс, бұл әдіс бойынша тапсырыстарды қанағаттандыру ең жоғарғы дисконтталған бағалардан басталып, эмиссияның жарияланған бүкіл көлемі таусылған шарттармен аяқталады. Өтінімдер Алғашқы Дилерлердің өтінімдерінде көрсетілген дисконттар ескеріле отырып қанағаттандырылады;

ә) бірыңғай бағалық шарт бойынша болатын аукциондық әдіс - әдетте проценттік мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру кезінде екі және одан да көп жылдық айналым мерзімімен пайдаланылатын әдіс. Мемлекеттік бағалы қағаздарды осы әдіспен орналастырудың мәнісі былай, қатысушылардың өтінімі аукцион шарттарына сәйкес аукционның өздері ұсынған бағалық шарттары бойынша қабылданады, ал өтінімдер кесімді бағаның өтінімде көрсетілген проценттік шарттары деңгейінде қанағаттандырылады, сол деңгейде аукционның жарияланған көлемі таусылады, өтінімдер онда қойылған түсімділігіне қарамастан бірыңғай баға шарты бойынша қанағаттандырылады;

б) жазылу-мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастырудың әдісі, жазылу барысында орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың әрбір түрі бойынша (мүддеге) сыйақы төлеудің Эмитент белгілеген ставкалары пайдаланылады және Алғашқы Дилерлерден оларды эмиссияның жарияланған көлемдеріне жеткенше сатып алуға өтінімдер қабылданады. Жазылу әдісі инвесторлардың-жеке және заңды тұлғалардың-уақытша бос ақшаларын тарту мақсатында қолданылады;

в) үстемелеп орналастыру-орташа алынған дисконтқа немесе бағалы қағаздың осы түрі бойынша өткізілген соңғы алғашқы орналастырудың жылдық проценттік ставкасына сүйене отырып қосымша орналастыру әдісі.

III-бөлім. Мемлекеттік бағалы қағаздарды алғашқы орналастыруды өткізудің тәртібі

I-тарау. Мемлекеттік бағалы қағаздарды аукциондық әдіспен орналастыру тәртібі

13. Аукционды өткізгенге дейінгі 5 жұмыс күні ішінде Эмитент Ұлттық Банкке аукцион өткізудің шарттарын хабарлайды.

14. Аукционды өткізу шарттарын алған күні Ұлттық Банк Алғашқы Дилерлерді хабардар етеді, осымен бір мезгілде бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлайды.

15. Аукцион өткізілетін күні сағат 9-дан 11-ге дейін Алғашқы Дилерлер мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу үшін Ұлттық Банкке өтінім тапсырады

16. Алғашқы Дилерлер аукцион шарттарына қайшы келмейтін болса, бәсекелес және бәсекелес емес өтінімдер тапсыруға құқылы.

Бәсекелес өтінімдерде Алғашқы Дилер бағалы қағаздардың, дисконттың санын, бір бағалы қағаздың номинальдық құнын, сатып алынғандардың номинальдық құны бойынша дисконтты ескере отырып жалпы көлемін көрсетеді

Бәсекелес емес өтінімдерде Алғашқы Дилер аукционның орташа алынған бағасы бойынша сатып алғысы келетін мемлекеттік бағалы қағаздардың жалпы санын ғана көрсетеді.

Аукцион өткізген кезде бірінші кезекте бәсекелес емес өтінімдер, содан кейін эмиссияның жарияланған көлемі шегінде бәсекелес өтінімдер қанағаттандырылады.

17. Түсіп жатқан өтінімдер сағат 9-30-дан 12-ге дейінгі нақты уақыт режимінде өңделеді.

18. Ресімдеу ережелері бұзылып толтырылған немесе мән-мағынасы ашылмайтын өтінімдер аукционнан алынып тасталады.

19. Ұлттық Банк өтінімдердің түсуіне қарай сағат 12-ден 13-ке дейін оларды жиынтық ведомостқа қорытындылайды (N 4,5 Қосымша), оны Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары бекітеді.

20. Түсіп жатқан өтінімдердің жиынтық ведомосты сағат 13-30-дан кешіктірілмей аукцион өткізудің бағалық шарттары жөнінде түпкілікті шешім қабылдау үшін Эмитентке тапсырылады.

21. Эмитент аукцион өткізілген күннің сағат 17-00-сінен кешіктірмей Ұлттық Банкке аукцион өткізудің бағалық шарттарын хабарлайды.

22. Эмитент Алғашқы Дилерлердің мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға берген өтінімдерін эмиссияның жарияланған көлемінен жоғарырақ немесе төменірек етіп қанағаттандыруға құқылы.

23. Ұлттық Банк мемлекеттік бағалы қағаздар аукционының бағалық шарттары туралы шешімінің және Алғашқы Дилерлердің өтінімдерінің негізінде мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырады.

24. Аукционның бағалық шарттары туралы Эмитенттің шешімін алғаннан кейін сағат 17-ден кешіктірмей Ұлттық Банк Алғашқы Дилерлерге аукциондағы өтінімдердің қанағаттандырылған көлемі туралы жазбаша хабарлама береді.

25. Өтінімдері толық көлемде немесе ішінара қанағаттандырылған Алғашқы Дилерлер шығарылым шарттарында көрсетілген күннен және сағаттан кешіктірмей ақшаның тиісті сомасын өздерінің шоттарынан Эмитенттің шотына аударады.

26. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық Департаментінің ақпаратына (бұдан әрі - Қазынашылық) және шығарылымның белгіленген шарттарына сәйкес Ұлттық Банк ақша аударылған күні әрбір Алғашқы Дилерден түскен ақшаның қанағаттандырылған өтінімдердің көлеміне сәйкестігін тексереді және келесі күні сағат 11-ден кешіктірмей Алғашқы Дилерге сатып алған мемлекеттік бағалы қағаздар үшін Эмитенттің шотына ақша түскені туралы хабарлама (N 3 Қосымша) береді.

27. Алғашқы Дилерлердің Аукциондағы қанағаттандырылған өтінімдеріне Аукцион қорытындысы бойынша төленген ақшаның Эмитенттің шотына түскенін тексергеннен кейін, сағат 15-тен кешіктірмей Ұлттық Банк аукционның қорытындысы туралы Ұлттық Банкпен мемлекеттік бағалы қағаздарға қызмет көрсету туралы Шарт жасасқан өкілетті депозитарийге (бұдан әрі - бағалы қағаздардың Орталық Депозитарийі) (N 6 Қосымша) мәлімет жолдайды.

2-тарау. Мемлекеттік бағалы қағаздарды жазылу әдісі бойынша орналастыру тәртібі

28. Эмитент мемлекеттік бағалы қағаздарға жазылу басталатын ресми мерзімге дейінгі кем дегенде 7 күн ішінде Ұлттық Банкке жазылу шартын хабарлайды.

29. Ұлттық Банк жазылу басталғанға дейінгі 6 жұмыс күні ішінде Алғашқы Дилерлерге мемлекеттік бағалы қағаздарға жазылудың Эмитент жорамалдап отырған шарттары мен мерзімдері туралы жазбаша хабарлайды.

30. Шығарылымның шарттарында белгіленген жазылу күндері сағат 9-30-дан 16-00-ға дейін Алғашқы Дилерлер шығарылымның шарттарына сәйкес (N 1 Қосымша) мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға өтінімдер тапсырады.

31. Жазылу әдісі бойынша өтінімдерді қанағаттандырғанда, олардың Ұлттық Банкке іс жүзінде түсіп тұру уақыты артықшылық болып саналады.

32. Үстемелеп орналастырылмаған мемлекеттік бағалы қағаздардың көлемі туралы ақпаратты әрбір жазылу күнінің соңында сағат 16-30-дан кейін Ұлттық Банк Алғашқы Дилерлерге хабарлайды.

33. Жазылудың әрбір күнінің қорытындысы бойынша Ұлттық Банк сағат 16-30-дан кешіктірмей қанағаттандырылған өтінімдердің (N 7 Қосымша) жиынтық ведомостын жасайды және оны Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары бекітеді.

34. Жазылу мерзімінің әрбір күніндегі жиынтық ведомость негізінде Ұлттық Банк келесі күні сағат 10-00-ға дейін Алғашқы Дилерге мемлекеттік бағалы қағаздарға жазылу жөніндегі қанағаттандырылған өтінімдердің көлемін көрсете отырып жазбаша хабар береді (N 2 Қосымша).

35. Алғашқы Дилер жазылу қорытындысы бойынша және Ұлттық Банктің жазылу әдісі бойынша сатып алынған мемлекеттік бағалы қағаздар туралы барлық жазбаша хабардың негізінде шығарылым шарттарында белгіленген мерзімде Эмитенттің шотына ақшаны аударады.

36. Жазылу қорытындысы бойынша ақшаны аударған күні Қазынашылықтың ақпаратына және шығарылымның белгіленген шарттарына сәйкес Ұлттық Банк әрбір Алғашқы Дилерден түскен ақшаның қанағаттандырылған өтінімдердің көлеміне сәйкестігін тексереді.

37. Қазынашылықтан мемлекеттік бағалы қағаздарға Алғашқы Дилерлер төлеген ақшаның Эмитенттің шотына аударылғаны туралы ақпарат алған күні Ұлттық Банк сағат 15-00-тен кешіктірмей бағалы қағаздардың Орталық Депозитарийіне өткізілген жазылымның нәтижесі туралы Алғашқы Дилердің атауын, мемлекеттік бағалы қағаздар үшін одан Эмитенттің шотына түскен ақшаның төленген күнін және сомасын көрсете отырып хабарлайды (N 6 Қосымша).

38. Келесі жұмыс күні сағат 11-00-ден кешіктірмей Ұлттық Банк Алғашқы Дилерлерге Эмитенттің шотына сатып алынған мемлекеттік бағалы қағаздар үшін ақша түскені туралы хабарлама береді (N 3 Қосымша).

39. Мемлекеттік бағалы қағаздарға белгіленген жазылу мерзімі және Эмитенттің шотына ақша аударылғандығы туралы мәліметтерді тексеру аяқталысымен, Ұлттық Банк Эмитентке осы шығарылымдағы мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырудың қорытындысы туралы мәліметтерді Алғашқы Дилерлер мемлекеттік бағалы қағаздарға төлеген ақшаны аударғаннан кейін 2 күннен кешіктірмей береді (N 8 Қосымша).

3-тарау. Мемлекеттік бағалы қағаздарды өткізілген
аукционның көрсеткіштері бойынша

қосымша орналастыру
(Үстемелеп орналастыру әдісі)

40. Эмитент (өткізілген аукционның бағалық шарттары бойынша) қосымша көлемді орналастыру туралы шешім қабылдаған жағдайда ол тиісті аукционды өткізген күні сағат 15-30-дан кешіктірмей Ұлттық Банкке белгіленген көлемді хабарлайды.

41. Ұлттық Банк тиісті аукционды өткізген күні сағат 17-30-ға дейін қосымша орналастырудың белгіленген көлемін Алғашқы Дилерлерге жеткізеді.

42. Алғашқы орналастырудан кейінгі күні сағат 9-00-дан 13-00-ке дейін Ұлттық Банк Алғашқы Дилерлерден өтінімдерді жинап алады.

43. Үстемелеп орналастыру әдісі бойынша өтінімдерді қанағаттандырғанда, олардың Ұлттық Банкке іс жүзінде түсіп тұру уақыты артықшылық болып саналады.

44. Сағат 14-00-тен 15-00-ке дейін берілген өтінімдерді Ұлттық Банк қосымша орналастырудың жиынтық ведомостында қорытындылайды (N 9 Қосымша), оны Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары бекітеді және сағат 15-30-дан кешіктірмей оны Эмитенттің қарауына жолдайды.

45. Эмитент сағат 17-00-ден кешіктірмей Ұлттық Банкке қосымша орналастырудың қанағаттандырылған көлемін хабарлайды.

46. Ұлттық Банк қосымша орналастыру болған күні сағат 18-00-ге дейін Алғашқы Дилерлерге жазбаша хабарлама береді (N 2 Қосымша).

47. Алғашқы Дилерлер қосымша орналастырудың қорытындысы бойынша қосымша шығарылымның шарттарында белгіленген мерзімде және уақытта сатып алынған мемлекеттік бағалы қағаздарға төленген ақшаны Алғашқы Дилерлерге берілген жазбаша хабарламаларға сәйкес Эмитенттің шотына аударады.

48. Ақша аударылған күні Қазынашылықтың ақпаратына және қосымша орналастырудың шарттарына сәйкес Ұлттық Банк әрбір Алғашқы Дилерден түскен ақшаның Эмитент қанағаттандырған өтінімдердің көлеміне сәйкестігін тексереді және келесі жұмыс күні сағат 11-ден кешіктірмей Алғашқы Дилерлерге Эмитенттің шотына сатып алынған мемлекеттік бағалы қағаздардың ақшасы түскені туралы хабарлама береді (N 3 Қосымша).

49. Қазынашылықтан мемлекеттік бағалы қағаздарға қосымша

орналастыруға қатысушылар төлеген ақшаның Эмитенттің шотына аударылғаны туралы ақпарат алынған күні Ұлттық Банк сағат 17-00-ден кешіктірмей мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алған Алғашқы Дилерлер, олардан

Эмитенттің шотына түскен ақшаның сомасы және төленген күні туралы ақпаратты бағалы қағаздардың Орталық Депозитарийіне жеткізеді.

Басқарма Төрағасы

Қаржы министрлігі эмиссиялаған Қазақстан
Республикасының мемлекеттік бағалы
қағаздарын алғашқы орналастырудың
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Басқармасы 1997 жылғы ----- N
Қаулысымен бекіткен
ережесіне N 1 қосымша

<*>

шығыс номері
" " _____ 199 __ ж.

199 __ жылғы " " _____ N эмиссия бойынша
мемлекеттік бағалы қағаздар сатып алуға
ТАПСЫРЫС

Алғашқы Дилер _____ N _____
(ресми атауы және оның тіркеу коды)

_____ оның
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде ашқан шоты МФО _____
_____ N _____

мемлекеттік бағалы қағаздарды келесі шығарымның бағасы жағдайына сәйкес
_____ күн айналым мерзімімен мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға
дайындығын білдіреді:

тармақтар	мемлекет.	Бағалы	Бір	номиналь.	Дисконттық	тапсырыс.
номері	N	бағалы	қағаздар	мемлекет.	дық құны	құны (бір
						тың осы
		қағаздар	рыногына	тік бағалы	бойынша	мемлекет.
						тармағын
		саны	қатысушы.	қағаздың	сатып	тік бағалы
						қанағат.
			ның тір.	номиналь.	алудың	қағаздың
						тандыру
			кеу коды	дық құны	көлемі	жылдық
						кезіндегі

Қаржы министрлігі эмиссиялаған Қазақстан
 Республикасының мемлекеттік бағалы
 қағаздарын алғашқы орналастырудың
 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
 Басқармасы 1997 жылғы ----- N
 Қаулысымен бекіткен
 ережесіне N 2 қосымша

Қазақстан Республикасының Алғашқы Дилерге
 (толық атауы, оның тіркеу коды)

Ұлттық Банкі

Бірінші Басшы
 (қызметі, аты-жөні)
 тұрағы

" " _____
 N _____

хабарлау

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі аукцион шарттарына сәйкес
 199 _____ " " _____ N _____ эмиссия бойынша
 мемлекеттік бағалы қағаздар сатып алуға тапсырыстың қанағатталғанын
 хабарлайды.

тапсырыс	қатысушының	Мемлекеттік	Бір мемлекеттік	Қанағаттандырылған
тармағы	тіркеу коды	бағалы	бағалы қағаздың	жұмыс көлемі
N	қағаздар	дисконттелген	(теңге)	
	саны (дана)	бағасы (жылдық		
		проценттік		
		ставкасы)		
<*>				
		(%)		
Барлығы :				

<*>

- жазылу тәсілі бойынша бұл графа толтырылмайды

Ұлттық Банктің
ішкі операциялар
басқармасының
бастығы

" ____ " _____ 199 ____ ж.

Қаржы министрлігі эмиссиялаған Қазақстан
Республикасының мемлекеттік бағалы
қағаздарын алғашқы орналастырудың
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Басқармасы 1997 жылғы ----- N
Қаулысымен бекіткен
ережесіне N 3 қосымша

Қазақстан Республикасының Алғашқы Дилерге
(толық атауы, оның тіркеу коды)

Ұлттық Банкі

Бірінші Басшы
(қызметі, аты-жөні)
тұрағы

" ____ " ____
N _____

Мемлекеттік бағалы қағаздарға ие болғаны
үшін ақша Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігінің шотына ақша түскені туралы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
хабарламасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 19 ____ ж. " ____ " _____ дана
көлемінде өтем мерзімімен " ____ " ____ " ____ " N эмиссия бойынша мемлекеттік
бағалы қағаздарды төлеуге Қаржы министрлігінің шотына ақша түскені туралы
тіркеу номері бар Алғашқы Дилерді хабардар етеді.

Ұлттық Банктің
ішкі операциялар
басқармасының
бастығы
" ____ " _____ 199 ____ ж.

Қаржы министрлігі эмиссиялаған Қазақстан
Республикасының мемлекеттік бағалы
қағаздарын алғашқы орналастырудың
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Басқармасы 1997 жылғы ----- N
Қаулысымен бекіткен
ережесіне N 4 қосымша

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары

" ____ " _____ " ____ "

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі эмиссиялаған

(_____ N эмиссия)
өтем мерзімі _____ күн
дисконттелген мемлекеттік бағалы қағаздар сатып алуға келіп
түскен тапсырыстардың

ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСІ

Аукцион шарттары былайша белгіленеді:

Сатудың белгіленген көлемі _____ млн.теңге

Бір қатысушыға қанағаттандырылған тапсырыстардың
шектеу проценті _____ %

Хабарланған көлемнен бәсекелік емес ұсыныстардың
қанағаттандырылу проценті _____ %

Қазақстан Республикасының резидент емес
Инвесторларының қатысу проценті _____ %

Бір резидент емес қатысушыға қанағаттандырылған
тапсырыстардың шектеу проценті _____ %

Резидент еместер үшін хабарланған көлемнен
бәсекелік емес ұсыныстардың проценті _____ %

тапсырыста	тапсырыстарда	Осы	Резиденттер	Резидент еместер
көрсетілген	көрсетілген	дисконттелген	сатып алған	сатып алған
дисконттел.	дисконттелген	баға бойынша	дисконттелген	мемлекеттік
ген бағасы	бағалары	берілген тап.	мемлекеттік	бағалы қағаздар
	бойынша про.	сырыстар саны	бағалы қағаз.	көлемі
	центтік став.		дар көлемі	
	касы			
		Сатып	Тапсы.	Алына.
		алына.	рыс.	тын
(%)		рын	рыстарды	
		рын	тарды	мемле.
		қанат.		
		мемле.	қанат.	кеттік
		тандыр.		
		кеттік	тандыр.	бағалы
		ған кез.		
		бағалы	ған кез.	қағаз.
		де түсе.		
		қағаз.	де түсе.	дар
		тін		
		дардың	тін	саны
		сома		
		саны.	сома	(дана)
		(теңге)		
		(дана)	(теңге)	

Барлығы :							

Аукцион бойынша түсетін ақшаның арту көлемі	Аукционда қалыптасқан дисконттелген баға бойынша	орташа мөлшерлі жылдық проценттік ставка	
көрсетілген шектеулерді есептегенде	көрсетілген шектеулерді есептегенде		

Берілген тапсырыстардың бір мемлекеттік бағалы қағазының орташа алғанда дисконттелген бағасы: _____ %

Хабарланған көлемдегі бір мемлекеттік бағалы қағазының орташа алғанда дисконттелген бағасы: _____ %

Өткізілген аукционның қорытындыларына қысқаша талдау.

Көрсеткіштің атауы	Аукционда берілген барлық тапсырыстар	
	Алғашқы резидент	Резидент емес
	Барлығы	
	Дилерлер	Инвесторлар
	инвесторлар	

Бәсекелес					
тапсырыстар саны					
(дана)					
Бәсекелес емес					
тапсырыстар саны					
(дана)					
Тапсырыстардың					
жалпы саны (дана)					
Түсім көлемі					
(теңге)					
тапсырыстардың					
орташа алғандағы					
дисконттелген					
бағасы (%)					
Дисконттелген					
бағаның таратылуы					

Аукционның хабарланған көлемі деңгейіндегі тапсырыстар |

Алғашқы | резидент | Резидент емес | Барлығы |

Дилерлер | Инвесторлар | инвесторлар |

--	--	--	--

--	--	--	--

--	--	--	--

Ескерту:

Қаралып отырған аукцион бойынша дисконттелген бағаның таратылуы мына формула бойынша есептелуі мүмкін:

$$R = 1/nE | X - X_{cp} |$$

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
ішкі операциялар басқармасының бастығы

Қаржы министрлігі эмиссиялаған Қазақстан
Республикасының мемлекеттік бағалы
қағаздарын алғашқы орналастырудың
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Басқармасы 1997 жылғы ----- N
Қаулысымен бекіткен
ережесіне N 5 қосымша

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары

" " " "

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі эмиссиялаған

(_____ N эмиссия)

өтем мерзімі _____ күн

дисконттелген мемлекеттік бағалы қағаздар сатып алуға келіп

түскен тапсырыстардың

ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСІ

Аукцион шарттары былайша белгіленеді:

Сатудың белгіленген көлемі _____ млн.теңге

Бір қатысушыға қанағаттандырылған тапсырыстардың

шектеу проценті _____ %

Хабарланған көлемнен бәсекелік емес ұсыныстардың

қанағаттандырылу проценті _____ %

Қазақстан Республикасының резидент емес

Инвесторларының қатысу проценті _____ %

Бір резидент емес қатысушыға қанағаттандырылған

тапсырыстардың шектеу проценті _____ %

Резидент еместер үшін хабарланған көлемнен

бәсекелік емес ұсыныстардың проценті _____ %

тапсырыстарда	Осы проценттік ставка	Резиденттердің	Резидент емес.	
көрсетілген	бойынша берілген	сатып алған мем.	тердің мемлекет.	
проценттік	тапсырыстар саны	лекеттік бағалы	тік бағалы	
ставка	(дана)	қағаздарының	қағаздарды сатып	
%		көлемі	алу көлемі	

	тапсырыстарды	тапсырыстарды	көрсетілген шек.
	қанағаттандыру кезін.	қанағаттандыру	теулерді есепке
	дегі түсімнің көлемі	кезіндегі түсім.	алмағанда
	(теңге)	нің көлемі	(теңге)
	(теңге)		
Барлығы:			

Аукцион бойынша	Қанағаттандырылған
түсетін ақшаның	тапсырыстар бойынша
өсуі	аукционда қалыптасқан
	орташа алғанда
	жылдық проценттік
	ставкасы
көрсетілген	
шектеулерді	
есепке алғанда	%
(теңге)	

Берілген тапсырыстардың бір мемлекеттік бағалы
қағазының орташа алғанда дисконттелген бағасы: _____ %

Хабарланған көлемдегі бір мемлекеттік бағалы
қағазының орташа алғанда дисконттелген бағасы: _____ %

Өткізілген аукционның қорытындыларына қысқаша талдау.

Көрсеткіштің атауы		Аукционда берілген барлық тапсырыстар			
	Алғашқы	резидент	Резидент емес	Барлығы	
	Дилерлер	Инвесторлар	инвесторлар		
Бәсекелес					
тапсырыстар саны					
(дана)					
Бәсекелес емес					
тапсырыстар саны					
(дана)					
Тапсырыстардың					
жалпы саны (дана)					
Түсім көлемі					
(теңге)					
тапсырыстардың					
орташа алғандағы					
дисконттелген					
бағасы (%)					
Дисконттелген					
бағаның таратылуы					
Аукционның хабарланған көлемі деңгейіндегі тапсырыстар					
Алғашқы	резидент	Резидент емес	Барлығы		
Дилерлер	Инвесторлар	инвесторлар			

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары

" _____ " _____ " _____ "

" ____ " _____ 199 ____ ж. N 300\

Бағалы қағаздардың
орталық депозитарына

Ішкі операциялар басқармасы Сіздерге Алғашқы Дилердің
199 _____ " _____ " _____ N эмиссия бойынша мемлекеттік бағалы
қағаздарды сатып алғаны туралы мәліметті жолдайды.
Алғашқы Дилердің атауы _____

тапсырыс	Алғашқы	Мемлекет.	Бір	Аукционның	Сатып	Жылдық
тарауы	Дилердің	тік баға.	мемлекеттік	орташа	алынғанның	табыстылық
	тіркеу	лы қағаз.	бағалы қа.	алған	қанағаттан.	
	коды	дар саны	ғаздың дис.	бағасы	дырылған	
		дана	конттелген			

<*>

көлемі					
		бағасы		теңге	
		(жылдық			

			проценттік			
			ставка)			
			(%)			
<*>						

<*>

- жазылу тәсілі бойынша бұл графа толтырылмайды

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
ішкі операциялар басқармасы

Қаржы министрлігі эмиссиялаған Қазақстан
Республикасының мемлекеттік бағалы
қағаздарын алғашқы орналастырудың
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Басқармасы 1997 жылғы ----- N
Қаулысымен бекіткен
ережесіне N 7 қосымша

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Төрағасының орынбасары

" " " "

Айналыс мерзімі _____ күн _____ N эмиссия бойынша

жазылу тәсілімен мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға
түскен тапсырыстардың
ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСІ

тапсырыс.	Инвесторлар.	Алғашқы	Жазылу	Мемлекеттік	Берілген тап.
тардың	жазылу	Дилердің	бойынша	бағалы қа.	сырыстарды
реттік	көлемі	өз шоты	түсетін	ғаздарға	есепке ала
номері		есебінен	ақшаның	жазылудың	отырып мемле.
		жазылу	өсу кө.	хабарланған	кеттік бағалы
		көлемі	лемі	көлемі	қағаздарға
				жазылудың іс	
				жүзінде орна.	
				ластырылмаған	
				көлемі	
	жеке	Заңды			
	тұл.	тұл.			
	ғалар.	ғалар.			
	дың	дың			
	жазылу	жазылу			
	көлемі	көлемі			
	теңге	теңге			
		теңге	теңге	теңге	теңге

Барлығы:					

Жазылу тәсілі бойынша орналастырылмаған
көлемнің құрайтыны _____ млн. теңге

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
ішкі операциялар басқармасының бастығы

Қаржы министрлігі эмиссиялаған Қазақстан
Республикасының мемлекеттік бағалы
қағаздарын алғашқы орналастырудың
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Басқармасы 1997 жылғы ----- N
Қаулысымен бекіткен
ережесіне N 8 қосымша

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Төрағасының орынбасары

" " " "

Қазақстан Республикасының облыстарын ескере отырып


жазылу тәсілі бойынша алғашқы орналастырудың

қысқаша мәліметі

		Инвесторлар				
реттік	Облыстардың	жеке		заңды		
N	атаулары	тұлғалар		тұлғалар		
		үлес	мемлекеттік	үлес салмағы,		
		салмағы,	бағалы қа.	%		
		%	ғаздарға жа.			
			зылу көлемі			
	ҰЖО-ны					
	орналастыру көлемі					
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						
7.						
8.						
9.						
10.						

11.									
12.									
13.									
14.									
15.									
16.									
17.									
18.									
19.									
барлығы:									

Алғашқы					
Дилерлер					
мемлекеттік үлес		мемлекеттік үлес салмағы,			
бағалы		салмағы,	бағалы қа.	%	
қағаздарға	%	ғаздарға жа.			
жазылу		зылу			



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

ішкі операциялар басқармасының бастығы

Қаржы министрлігі эмиссиялаған Қазақстан
Республикасының мемлекеттік бағалы
қағаздарын алғашқы орналастырудың
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Басқармасы 1997 жылғы ----- N
Қаулысымен бекіткен
ережесіне N 9 қосымша

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары

_____ " _____ " _____ "

Айналым мерзімі _____ күн _____ N эмиссия бойынша
қосымша орналастыру тәсілі бойынша мемлекеттік бағалы қағаздар сатып
алуға түскен тапсырыстардың
ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСІ

Қосымша орналастырудың жылдық проценттік ставкасы
(дисконттелген цена) болады _____
Қосымша орналастырудың шарттары былайша айқындалады:

Қосымша орналастырудың белгіленген көлемі _____ млн.теңге

Бір қатысушыға қанағаттандырылған тапсырыстардың
шектеу проценті _____ %

Алғашқы Дилерлердің тапсырыстарын қанағаттандыруды
шектеу проценті _____ %

Қазақстан Республикасының резидент-Инвесторлардың
тапсырыстарын қанағаттандыруды шектеу проценті _____ %

Қазақстан Республикасының резидент емес-Инвесторлар
тапсырыстарын қанағаттандыруды шектеу проценті

Инвесторлар.			Алғашқы Ди.		
дың қосымша			лердің қо.		
орналастыру.			сымша орна.		
дың көлемі			ластыру кө.		
			лемі		
резиденттер	резидент				
	еместер				
тапсы.	мемлекеттік	қосымша ор.	мемлекеттік	қосымша ор.	мемлекеттік
рыстар.	бағалы қа.	наластыру	бағалы қа.	наластыру	бағалы қа.
дың рет.	ғаздар саны	көлемі	ғаздар саны	көлемі	ғаздар саны
тік но.	(дана)	(теңге)	(дана)	(теңге)	(дана)
мері					
барлығы:					

Қосымша орна	Шектеуді			
ластыру бойын	ескере			
ша түсетін	отырып			
ақшаның өсу	қосымша орна			
көлемі	ластырудың			
	хабарланған			
	көлемі			
қосымша ор.	мемлекеттік	қосымша ор.	мемлекеттік	қосымша ор.
наластыру	бағалы қа.	наластыру	бағалы қа.	наластыру
көлемі	ғаздар саны	көлемі	ғаздар саны	көлемі
(теңге)	(дана)	(теңге)	(дана)	(теңге)

Жазылу тәсілі бойынша толық орналастырылмаған
көлемнің құрайтыны _____ млн. теңге

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
ішкі операциялар басқармасының бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК